РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

# SARBAZ

№28 (2091)
14 шілде 2023 жыл

газет 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап шығады



ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКАНЫ ТЕКСЕРДІ

3 - бетте



МЕРГЕНДІК АТЫС ШЕБЕРІ

5 - бетте



ВЕЛИКИЙ ПОЛКОВОДЕЦ

8 - бетте

Қазақ әскер / БОЕВОЕ ЗНАМЯ / ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ / ВОИН КАЗАХСТАНА

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz

WWW.SARBAZ.KZ



# ЕЛОРДАДА ӘЛЕМНІҢ ӘСКЕРИ ОРКЕСТРЛЕРІ ГАЛА-КОНЦЕРТ ӨТКІЗДІ

**Елордада музыка мен бейбітшіліктің мерекесі болған әскери оркестрлердің «Астана – мәдениет керуені» І халықаралық музыкалық фестивалі аяқталды.**

«Барыс Арена» мұз айдыны сарайында өткен гала-концерт жеті мыңнан астам көрерменді жинады. Қорытынды концертке Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әлихан Смайылов, Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов және басқа да мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Концерт көрерменді қазақ хандығы дәуіріне алып баратын қойылымнан басталды. LED-экранда ұлттық нақыштағы ою-өрнек, қалқан, шаңырақ және петроглифтер пайда болды. Бұл белгілер мен элементтердің бәрі де Ұлы даланы мекендеген қазақ халқы үшін ежелден ерекше мағынаға ие. Экрандағы қалықтаған алтын бүркіт бостандыққа деген ұмтылыс, туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіреді.

Келесі кезекте сахнада барабаншылар, қазақ батырлары мен ұлттық костюмдер киген бишілер пайда болды.

Келесі кезекте нөмір Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі құрметті қарауыл ротасының дефилесіне ауыстырылды. Оның әскери қызметшілері «25» саны мен «Астана» сөзі бар сағатты бейнеледі.

Қарулы Күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Орталық әскери оркестрінің, Мемлекеттік күзет қызметі Президенттік оркестрінің, Қазақстан Ұлттық ұланының үлгілі-көрсетілім оркестрінің, Әзербайжан, Үндістан, Қытай, Ресей, Түркия, Өзбекстан және Жапония армиялары әскери оркестрлерін көрермендер айрықша құрметпен қарсы алды.

Көрермендер көңілі бір сәт дирижерге асыққан қызға тоқталды. Ол дирижердің таяқшасын апарып берген-ді. Жұрт сүйсініп қошемет көрсетті.

Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас әскери дирижері «Құрмет» орденінің иегері майор Алмас Ибрагимов бес жүз музыкантқа белгі берді.

ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық ансамблінің әншісі Дәурен Төлеубаев, біріккен хор және әскери оркестр Қазақстанның әнұранын салтанатты түрде орындап шықты.

Мемлекеттік күзет қызметі Президенттік оркестрінің қазақ халық өнерінің інжу-маржаны саналатын «Япырай» лирикалық әнін айтуы ерекше әсер қалдырды.

Прологта Астанаға арналған «Мерейтойлық марш» өтті. Жұртшылық ҚР Мемлекеттік күзет қызметі Президенттік оркестрінің әлемге әйгілі Майкл Джексон мен Лионель Ричидің танымал әні We are the world-тың орындалуын қуана қабылдады.

Плац-концерт кезінде фестивальге қатысушы әр оркестрдің қойылымы кезінде сол елдің желбіреген туы мен оның көрікті жерлері ЛЭД-экранда көрсетілді.

Әзербайжаннан келген Гейдар Әлиев атындағы Әскери институттың оркестрі көрермендерге Хасан Аббасгулиевтің «Байраг маршын» және Руфат Ахундзаданың «Жеңіс маршы» көпшілікке тарту етті. Көрермендер шуақты Әзербайжаннан келген қонақтарды шын жүректен қарсы алды. Олар музыкалық материалды жақсы меңгеруімен, ерекше стилистикасымен және шығыстық колоритімен ерекшеленді.

Чжен Лючэннің «Қытай халық азат ету армиясының маршы» өз өнерін орта патшалықтан келген музыканттар бастады. Олардың орындауында Цю Юньюдің «Флот маршы», Ли Чанның аранжировкасындағы «Жастар биі», Ван Синнің «Отанына Ода» орындалды. Ли Сюйхао ұйымдастырған «Алишаннан келген қыз» әнінің жеке орындалуы көрермендердің көңілінен шықты. Шу Юнганның аранжировкасында «Ат жарысы» атты шығарманы ойнаған қытайлық аккордеоншы да ерекше қошеметке ие болды. Ол көрермендерді аспаптың экспрессиясымен және шебер орындаушылығымен баурап алды.

Үндістанның Әскери-әуе күштері оркестрінің музыканттары да керемет өнер көрсетті, олар аспан түстес көйлекпен, балағы ақ, қою көк түсті шалбарларымен ерекшеленді. Үнділер өзіндік орындау ерекшелігімен, қозғалыс синхрондылығымен және музыкалық туындыны сезініп орындауымен көрермендерді таңғалдырды.

Аппақ костюм Жапонияның «Токио тобы» Өзін-өзі қорғау теңіз күштері оркестрінің музыканттарын ерекшелеп тұрды. Мұндай киім үлгісі оларды айрықша паңдықпен және әсемдікпен көрсетті. Гала-концертте күншығыс елінің өкілдері Sea, Furusato, Warship March, Festal Scenes композицияларын орындап, тыңдаушылардың жүрегіне жол тапты.

Қазақстан Ұлттық ұланының үлгілі-көрсетілім оркестрі көрермендерге Әділ Бестібаевтың «Жорға», «Алаш» тобының «Батырлар ұраны» және Ерболат Құдайбергеновтің «Мен қазақпын» шығармаларын тарту етті. Рухты көтеретін әуендерге ризашылық білдірген тыңдаушылар қошеметтерін аямады.



Ресей Федерациясы Батыс әскери округі 23-ші әскери оркестрінің музыканттары да өздеріне тән ерекшелікпен көрермендерді баурап алды. Ресейден келген музыкалық ұжым Семен Чернецкийдің «Марш Лениградских гвардейских стрелковых дивизий», Никита Ладыжниковтың «Эстрадная фантазия на темы песен об армии и флоте», Василий Соловьев-Григорий Велконың «Крейсер Аврора», П.Степановтың «Соло для ударных инструментов» композицияларын орындады. Соңғы нөмірде қазақтың халық әні «Қамажай» орындалып, көпшілік оны ризашылықпен қабылдады.

Түркия Республикасы Ұлттық қорғаныс министрлігі «Мехтеран» әскери оркестрінің өнер көрсетуі Қазақстан жұртшылығы үшін тамаша жаңалық болды. Олар өздерінің ұлттық сарындағы әуезділігімен және керемет мақамымен сүйсіндірді. Музыканттар бір сәт XIV ғасыр дәуіріне қадам басқандай сезілді. Түрлі-түсті кафтандар, ерекше бас киімдер, көне сауыт-саймандар және әскери марштардың ерекше орындалуы олардың өнерін ұмытылмас етті. Түрік музыканттары Исмаил Хаккы Бейдің «Марш Тэкбир мен Дженк», Әли Рызы Бейдің «Марш Орду» және «Марш Хюджум» әндерін шырқады.

Өзбекстан Қорғаныс министрлігінің Орталық ән-би ансамблі мен Орталық әскери оркестрінің әртістері өзбек халқының әуенінің тартымды ырғағымен жиналған қауымды тәнті етті. Риза болған көрермендер бауырлас елді қошемет көрсетіп қолдады.

«Жас сарбаз» балалар студиясының, Қарулы Күштер Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Орталық ансамблінің, біріккен хоры мен оркестр солистерінің орындауындағы We are the world әні өте әсерлі шырқалды.

Соңында Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов осындай тамаша концертке қатысушыларды құттықтап, шетелдік қонақтарға марапаттар табыс етті.

– Қазақстан – салт-дәстүрге бай бейбіт ел. Бұл күндері елордамыз әлем мәдениетін жинай алатын әсем орталыққа айналды. Бізге әр елден түрлі ұжымдар, талантты музыканттар мен әншілер келді. Бүгінгі фестиваль дәстүрге айналып, достық, ынтымақтастық пен татулық қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді деп ойлаймын, - деп атап өтті қорғаныс ведомствосының басшысы.

Шара орталық ансамбль, біріккен хор және оркестр солистері Қайрат Баекеновтың орындауындағы «Астана» әнінің шырқалуымен аяқталды.



# ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ БӨЛІМШЕЛЕРДІ ЖАУЫНГЕРЛІК ҮЙЛЕСТІРУ БАСТАЛДЫ

**Жауынгерлік оқудың жаңа кезеңі басталар алдында мамандық бойынша дайындық болып, оның барысында әскери қызметшілер өздерінің лауазымдық міндеттерін зерделеп, сеніп тапсырылған қару-жарақ пен әскери техниканы меңгерді. Ол аяқталғаннан кейін бақылау сабақтарында алынған білім мен дағдыларды қандай деңгейде меңгергені тексерілді.**



Бөлімшелерді (есептоптарды, экипаждарды) даярлау ұрысқа барынша жақындатылған жағдайда бөлімшелердің далалық машығы мен үйлесімділігін жетілдіру мақсатында жүргізіледі. Мұндай дайындық кезінде дұрыс тактикалық іс-қимыл, қару-жарақты ұрыста шебер және тиімді қолдану, бөлімшелердің атысын басқару және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау ерекше назарға алынады.

Бөлімшелер құрамында әскери қызметшілер жалпы әскери ұрыстың динамикалық тұрғыда өзгеретін жағдайына қарай оқу-жауынгерлік міндеттерді шешуге үйренеді. Офицерлер мен сержанттар бөлімшелерді басқару машығын жетілдіріп, іс жүзінде жауынгерлік іс-қимылды моральдық-психологиялық қамтамасыз ету қағидаттарын меңгереді.

Бір ай ішінде бөлімшелер құрамында әскери қызметшілер атыс, тактикалық, арнайы және басқа да жауынгерлік даярлық пәндері бойынша нормативтерді, сондай-ақ әртүрлі ұрыс жағдайында бөлімшелердің іс-қимылының әдіс-тәсілдерін орындау техникасын пысықтайды.

Сабақтар «қарапайымнан күрделіге» қағидаты негізінде ұйымдастырылады. Жеке құрамның бірлік ретінде әрекет ету қабілеті, бір-бірін ишарамен түсіну – дайындық деңгейінің басты көрсеткіші.

Бөлімшелерді даярлаудың соңғы кезеңінде әскери атыс алаңдары мен оқу-тактикалық полигондарда оқытуда қолданылатын қару-жарақтың барлық түрінен жауынгерлік атыстар өтеді.

Бөлімшелердің жауынгерлік атыстары күндіз де, түнде де шабуылда, қорғаныста, басқа да әрекетте бөлімшелердің іс-қимылын көздейтін тактикалық даярлық тақырыптарының бірі бойынша жүргізіледі. Атыстардың кем дегенде 30%-ы түнгі уақытта орындалады.



# ОБМЕН ПЕРЕДОВЫМ ОПЫТОМ

**На базе Национального университета обороны представители топографических служб Казахстана и Франции обсудили вопросы двустороннего военного сотрудничества в области топогеодезического, навигационного и гидрометеорологического обеспечения.**





Встреча состоялась в соответствии с планом военного сотрудничества между оборонными ведомствами стран в режиме видео-конференц-связи.

Ее участники обменялись информацией о системе геоинформационного обеспечения войск, о подготовке и повышении квалификации кадров.

Были также затронуты вопросы проектирования, создания и внедрения перспективных образцов специальной техники и геоинформационных технологий в систему поддержки принятия решения органов управления.

По результатам обсуждения стороны выразили намерение продолжить взаимодействие в сфере геоинформационного обеспечения войск.

# УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ЯЗЫК МУЗЫКИ

**В столице Казахстана прошел I Международный военно-музыкальный фестиваль «Астана – мәдениет керуені», приуроченный к 25-летию главного города страны.**



В праздничный день на сцене летнего амфитеатра на берегу Есиля прошел Band Marathon, на котором выступили военные музыкальные коллективы Азербайджана, Индии, Китая, России, Турции, Узбекистана и Японии.

Казахстан на фестивале представили Центральный военный оркестр Национального военно-патриотического центра Вооруженных сил, Президентский оркестр Службы государственной охраны и Образцово-показательный оркестр Национальной гвардии.

Собравшуюся публику приветствовал заместитель министра обороны генерал-лейтенант Султан Камалетдинов, который поздравил астанчан с Днем столицы и поблагодарил музыкантов за участие в масштабном мероприятии.

– Наш международный фестиваль военных оркестров – яркое подтверждение тому, что Астана – центр притяжения и сближения культур и народов, город мира и созидания. Уверен, что это уникальное событие послужит развитию сотрудничества, продвижению идей мира и добрососедства, – подчеркнул он.

Band Marathon состоял из 20-минутных выступлений коллективов-участников. Азербайджанские музыканты подарили зрителям песни «Джанги» композитора Узеира Гаджибейли, «Инджа беллим» Эмина Сабитоглу, «Сен гельмез олдун» Алекпера Тагиева и «Страна огней», когда-то исполнявшуюся легендарным Муслимом Магомаевым.

Китайские музыканты исполнили «Марш Народно-освободительной армии Китая» – автор Чжэн Люйчэн, «Скачки» – Шу Юнган, «Цинхай-Тибетское нагорье» – Ван Хэшэн, «Дева Аба» – Чэнь Цянь, «Танец молодости» – аранжировка Ли Чань, «Ода Родине» – Ван Синь, «Марш стальных частей» и «Девушка из Алишаня» Ли Сюйхао, «Дудар и Мария» в аранжировке Го Сыда.

Оркестр Военно-воздушных сил Индии порадовал слушателей композициями «Renaissance» Wg Cdr G Jayachandran VSM, «Bombay 1980» Sgt D Mridha, «Dancing Queen» ABBA, «Imagination» Sgt Suneesh Thomas, «Mexican Shuffle» Bert Kaempfert, «Duniya Me» Sgt D Mridha и «Jai Ho» Sgt NT Singh.

Японский военный оркестр подарил астанчанам мелодии Naruto Main Theme, Obatala, Hamabe no Uta (Song of the Seashore) и Festal Scenes.

Удивил колоритным звучанием Центральный военный оркестр Узбекистана, исполнивший композиции Tsuna a wakens, La camisa negra, Килпиллама, Delilah, Summertime, Хоразимча и Go down Moses.

Многие мелодии из репертуара 23-го военного оркестра Западного военного округа Российской Федерации знакомы нашему слушателю. Музыкальный коллектив исполнил «Марш Ленинград», «Попурри на темы русских композиторов», «Утро» из кинофильма «Служебный роман», «Песенка о морском дьяволе» из кинофильма «Человек – амфибия», песни «Синяя вечность», «Чертово колесо» и «Алия» Сейдоллы Байтерекова.

Тепло приняли зрители выступление турецкого военного оркестра «Мехтеран», исполнившие «Сузинак Пешреви» Кемани Татйоса, «Марш Нешидэ-и Зафэр» Лейлы Саз, «Мехтер Вуруйор» Фарука Гюртунджа, «Марш Мехтерхане-и Хакани» Исмаиль Хаккы Бея, «Марш Орду» Али Рыза Бея, «Марш Хюджум», «Эстергон Каласы» и «Генч Осман».

В этот день участники фестиваля говорили на одном универсальном языке музыки, которая объединяет и укрепляет взаимопонимание между странами. Уникальные послы мира подарили зрителям разнообразие национальных, творческих и армейских традиций. Астанчане живо откликались на выступления оркестрантов, делились эмоциями и поддерживали их бурными аплодисментами.



# ПОКОРЯЯ СЕРДЦА

**В рамках I Международного музыкального фестиваля военных оркестров «Астана – мәдениет керуені» в Центральном парке, у монумента «Байтерек» и в торгово-развлекательном центре «Хан Шатыр» прошли выступления его участников.**



В Центральном парке жители и гости столицы увидели выступление музыкальных коллективов Индии, Японии и Президентского оркестра Службы государственной охраны Республики Казахстан.

Сводный оркестр Военно-воздушных сил Индии покорил зрителей неповторимой стилистикой исполнения маршевых и классических мелодий. Особый колорит придал выступлению мастеров оркестрового искусства национальный инструмент – парный барабан табла.

Тепло встретили астанчане оркестр Морских Сил самообороны Японии «Токио-бенд». Коллектив из страны восходящего солнца представил микс образцов старинной японской военной музыки и современных парадных маршей.

Зажигательной энергией узбекских народных мотивов артисты Центрального ансамбля песни и танца и Центрального военного оркестра Министерства обороны Узбекистана побудили публику поддержать представителей братской республики танцами и бурными аплодисментами.

Президентский оркестр Службы государственной охраны Казахстана удивил синтезом звучания духового оркестра со скрипкой, флейтой и национальными инструментами домброй и дудуком.

У монумента «Байтерек» выступил 23-й Военный оркестр Западного военного округа Российской Федерации. «Полет шмеля» Николая Римского-Корсакова, «Дорогой длинною» Бориса Фомина и другие популярные мелодии родили гамму чувств от шутливого настроя и удали до ностальгических нот о былом.

Величественным «Плевненским маршем» Мехмета Али бея открыл свое выступление на перфоманс-шоу Военный оркестр Министерства национальной обороны Турецкой Республики «Мехтеран». Музыкальный коллектив произвел незабываемое впечатление на публику красочными кафтанами, головными уборами, старинными доспехами и уникальным звучанием военных маршей.

Центральный военный оркестр Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил Казахстана начал свое выступление с торжествующей барабанной фесты, которой он поздравил астанчан с замечательной датой – днем рождения столицы. Казахстанские виртуозы очаровали зрителей великолепными попурри из известных казахских народных песен и репертуара прославленного вокально-инструментального ансамбля «Дос-Мукасан».

В торгово-развлекательном центре «Хан шатыр» блистал Военный оркестр Народно-освободительной армии Китая. Публике пришлись по



нраву обаяние и виртуозная манера дирижирования руководителя оркестра старшего полковника Хан Яньхуэя. Он не только органично управлял коллективом, но и установил контакт со зрителем, передав им восторженные эмоции.

Оркестр Военного института имени Гайдара Алиева из солнечного Азербайджана удивил своим колоритом и экзотичным звучанием национальных азербайджанских духовых инструментов – зурны и балабана, в котором можно уловить зажигательные мотивы народных танцев. Композиции «Джанги», «Домбра» и другие популярные мелодии были восприняты астанчанами с воодушевлением.

Образцово-показательный оркестр Национальной гвардии Казахстана исполнил произведения Адиля Бестыбаева «Жорға», группы «Алаш» «Батырлар ұраны» и Ерболата Кудайбергенова «Мен қазақпын». Возвышающие дух мелодии благодарные слушатели встретили бурными аплодисментами.

Проходящий в эти дни форум военных оркестров стал ярчайшей страницей в культурной жизни нашей страны и столицы и уникальной платформой для общения и понимания между народами, культурами и творческими коллективами.

Музыкальный фестиваль завершился 8 июля в 12 часов гала-концертом в ледовом дворце «Барыс Арена». Вход свободный.





# СИЛА, ЛОВКОСТЬ И СТРЕМЛЕНИЕ К ПОБЕДЕ

**На базе Военного колледжа имени генерала армии Сагадата Нурмагамбетова состоялась церемония открытия чемпионата Министерства обороны по волейболу.**



Всего в чемпионате участвуют более четырехсот спортсменов в составе сорока команд.

Волейболистов приветствовал начальник отдела организации спортивно-массовой работы Министерства обороны и Генерального штаба Вооруженных Сил подполковник Асан Нартаев. Он пожелал участникам состязаний динамичной игры, удачных подач и результативных ударов.



– Занятия волейболом вырабатывают силу, ловкость, внимание и уверенность. Все эти качества необходимы каждому военнослужащему. Ждем от вас захватывающих партий, динамичной игры, и пусть победит самая сильная, сплоченная и слаженная команда, – сказал он.

Состязания проходят в рамках XIII Спартакиады Вооруженных Сил по двум составам. В первом – представители структурных подразделений Министерства обороны и Генерального штаба. Во втором – военнослужащие главных управлений и управлений Вооруженных Сил, а также воинских частей и учреждений Акмолинского регионального гарнизона.

ӘСКЕР ТЫНЫСЫ

# АСТАНА – ОТАНЫМНЫҢ ЖҮРЕГІ

**Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының ұйымдастыруымен «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде егеменді еліміз – Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы Астана қаласының құрылған күніне 25 жыл толуына орай, мерзімдік қызмет әскери қызметшілерімен «Астана – бейбітшілік қаласы» тақырыбымен ерлік сабағы болып өтті. Аталған іс-шараға Приозерск қаласының қадірлі азаматы, Ауған соғысының ардагері, интернационалист-жауынгер Тұрлыбаев Полат Қанатұлы арнайы шақырылған болатын.**



Ерлік сабағын Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы ашып берді. Трибуна мінберінде сөз алған ардагер аға егеменді еліміздің ең басты орталығы болып табылатын бас шаһар – Астана қаласының даму жолы мен тарихын сөз етті. Келесі кезекте сөз алған Ауған соғысының ардагері Полат Турлибаев Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздарға Отанға деген сүйіспеншілік сезім мен қайсарлық рухтың биік мағынасын өз сөзімен жеткізіп бере алды. Ардагер аға, интернационалист-жауынгер Полат Қанатұлы өз сөзін: «Отанға қызмет еткен соң, оған деген біздің сүйіспеншілік сезіміміз басым болуы тиіс. Егеменді елміз. Биікке ұстар көк байрағымыз бар. Бейбіт сүйген халқымыз бар. Елордамыз Астанамыз ширек ғасырдан бері тоқтаусыз үлкейіп, күннен күнге көркейіп келеді. Сондықтан да, Тәуелсіз Қазақстанымыздың бас қаласы Астанаға деген құрметіміз ерекше болуы тиіс!», - деп түйіндеді.

Аталған іс-шара барысында сарбаздар қатары кездесудің бас қонағы Ауған соғысының ардагері П.Қ.Тұрлыбаевқа келісті сұрақтар қойып, өздеріне тиесілі жауаптарын ала алды. Ерлік сабағында белсенділік танытып, ерекше көзге түскен мерзімдік қызмет әскери қызметшілеріне 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жасұлан Садулы Абековтың атынан арнайы дайындаған мақтау қағаздары салтанатты түрде табыс етілді.

«Астана – бейбітшілік қаласы» тақырыбындағы ерлік сабағы мәресіне жеткен соң, сарбаздар Ауған соғысының ардагері Полат Турлибаев пен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Тілек Кенжебеков екеуін ортаға алып естелік фотосуретке түсті.

**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы лейтенант Думан Жұмашұлы**

# ӘСКЕРИ ОРКЕСТР ШЫМКЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫН ҚУАНТТЫ

АБАЙ ӨҢІРЛІК ГАРНИЗОНЫ

**«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының механикаландырылған бригадасының әскери оркестрі Астананың 25 жылдығына орай Шымкент тұрғындарын Арбат алаңында саптық шеруімен және вальс әуендерімен қуантты.**







Әскери музыканттардың қойылымы плац-концерттен басталды, олар музыкалық аспаптарды шебер меңгеріп қана қоймай, саптық дайындық деңгейін, үйлесімді және нақты қимыладарымен көрсете білді.

Әскери дирижер Жандос Сатимбаевтың жетекшілігімен музыканттар азаматтарға патриоттық әндер мен заманауи әуендердің попурриін сыйға тартты.

Концертті тыңдауға аға буын өкілдерінен бастап сәбилерге дейін жүздеген адам жиналды, көпшілігі отбасыларымен келді. Жастарға танымал фильмдердің саундтректері ұнаса, аға буын өкілдері эстрадалық шлягерлердің әуендеріне қуана қосылды. Оркестрдің өнер көрсетуі Ерболат Құдайбергеновтің «Мен қазақпын» шығармасымен аяқталды.

Рухты көтеретін әуендерге ризашылық білдірген тыңдаушылар қошеметпен қарсы алды.

Айта кетсек, әскери оркестрдің шығармашылық ұжымы – көптеген фестивальдердің, байқаулардың лауреаты, сондай-ақ Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне арналған шерулердің тұрақты қатысушысы.

# ЖАУЫНГЕРЛІК ТЕХНИКАНЫ ТЕКСЕРДІ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

**Маңғыстау облысында 25744 әскери бөлімінде әскери техника мен қару-жараққа жылдық техникалық тексеру жүргізілді. Іс-шара барысында жауынгерлік дайындықты қамтитын әскери техника тексерілді.**



Ақтау өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының әскери автомобиль полициясы бөлімінің қызметкерлері теңіз жаяу әскерлері бригадасы жеке құрамының қызметтік-жауынгерлік міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін әскери автобронетанк техникасына жылдық техникалық тексеру жүргізді.

Тексеру барысында әскерлердің күнделікті және жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етуге арналған арнайы техникалар, жеңіл машиналар, автобустар мен жүк машиналары бар барлық автомобильдер жүргізілді. Тежеу жүйесінен бастап машиналардың сыртқы түріне дейін барлығы тексерілді.

Тексерудің негізгі мақсаты жол қозғалысына қатысатын көлік құралдарының техникалық жай-күйінің сәйкестігі болып табылады. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу, көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету көлік құралдарын пайдаланудың зиянды әсерін азайту.

«Көлік құралдарын тексеру бақылау – диагностикалық жабдықты қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ол дайындық және негізгі кезеңдерінде өтеді. Дайындық кезеңінде құжаттар тексеріледі, көлік құралының маркасы, моделі және модификациясы белгіленеді, алынған нәтижелер деректермен салыстырылады. Көлік құралын тіркеу туралы куәлік. Тексерудің негізгі кезеңі – көлік құралының техникалық жағдайын диагностикалау», - дейді Ақтау өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының әскери автомобиль полициясы бөлімінің бастығы майор Еркін Игисинов.

# ІЗДЕСТІРУ–ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

**Әскери-теңіз күштерінің тактикалық арнайы оқу-жаттығуы шеңберінде әскери қызметшілер апатқа ұшыраған кемені іздеуді ұйымдастыру және оған көмек көрсету бойынша іс-шаралар өткізді.**



Оқу-жаттығуға Әскери-теңіз және Әскери-әуе күштерінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, сондай-ақ ҰҚК Шекара қызметінің жедел топтары қатысты.

– Оқу-жаттығуда апатты объектіні іздестіру және құтқару бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу, апатқа ұшыраған кемеге көмек көрсету кезінде жеке құрамның іс-әрекетін пысықтау міндеті қойылды. Біз оны сәтті орындап шықтық, - деп атап өтті Әскери-теңіз базасының командирі екінші дәрежелі капитан Бауыржан Мұратұлы.

Шартты тапсырмаға сәйкес «Жайық» кемесінің электр-механикалық жауынгерлік бөлімінде өрт басталып, бас қозғалтқыш істен шыққан.

Жедел топтардың үйлесімді іс-қимылының нәтижесінде апатқа ұшыраған кеменің координаттары белгіленіп, өрт дер кезінде сөндірілді. Апаттың салдарын жою бойынша іс-шаралар жүргізіліп, кеме жақын маңдағы портқа жеткізіледі.

Үш күнге созылған оқу-жаттығуға жүзге жуық әскери қызметші, екі зымыранды-артиллериялық кеме, «Жайық» гидрографиялық кемесі, арнайы жаңартылған «Сергек» қайығы, сондай-ақ армиялық авиацияның екі тікұшағы қатысты.

Жаттығу сәтті аяқталғаннан кейін барлық қатысушылар тұрақты орналасу пункттеріне жетті.

**Рима ӘБЕУОВА**

КАЛЕЙДОСКОП

# СИМВОЛЫ МУЖЕСТВА И ОТВАГИ

**Вооруженные силы являются неотъемлемой частью любого современного государства. Создание собственной армии требует наделить ее символикой, отражающей самобытность национального характера воинов.**




Во все времена воинская символика являлась действенным средством для повышения морально-боевого духа и готовности личного состава выполнять задачи по защите Родины. Она способствовала воспитанию у военнослужащих высоких моральных и нравственных качеств, формированию и умножению славных воинских традиций.

К воинским символам Казахстана относятся символ (эмблема), флаг и знамя Вооруженных Сил, флаги Сухопутных войск, Сил воздушной обороны, Военно-морских сил, боевые знамена воинских частей. Днем создания воинских символов считается 18 июля 1996 года, когда Глава государства подписал Указ «О воинских символах Вооруженных Сил».

Благодаря данному Указу была разработана основная эмблема ВС РК. За основу эмблемы взята красная звезда, в центре которой наложены золотой орел с двенадцатью лучами. Пункт 8 данного Указа определяет, что символ ВС РК представляет собой изображение пятиконечной звезды с контуром солнца и лучами в центре, под которым парящий орел. В цветном изображении эмблема ВС РК выполнена в двух цветах – красно-бордовом и золотом.

Эмблема, символизирующая Вооруженные Силы, была учреждена с целью обозначения принадлежности военнослужащих, вооружения, военной техники и другого имущества к Вооруженным Силам Республики Казахстан.

Созданием и учреждением занимались сами военные, выходцы из советской школы, у которых еще была свежа в памяти советская воинская символика. Поэтому эмблема ВС РК имеет сходство с эмблемой ВС Советской армии. Отличительной чертой казахстанского символа является его составная часть – пятиконечная звезда и орел.

Изображение красной звезды было обусловлено преемственностью. Она применялась повсеместно в советской военной символике. Именно с такой символикой на груди наши отцы и деды сражались с врагом на фронтах Великой отечественной войны.

Легендарная, прославленная в боях, красная звезда осталась в памяти народа как символ высоких стремлений и идеалов. Кроме того, пятиконечная звезда символизирует безопасность, благополучие и возвращение домой.

Красный цвет в геральдике является самым благородным и символизирует лучшие качества бойца: силу, отвагу, мужество и храбрость.

По существующим в мире общепринятым правилам по разработке и применению символики, как и в большинстве армий мира, воинские символы стали видоизменением государственной символики. Эмблема Вооруженных Сил Казахстана соответствует этим правилам.

Историческая аналогия имеется также в принципе построения геральдических знаков, которые создавались путем увеличения количества видовых отличительных признаков, отражающих специфику воинской деятельности по мере убывания ранга воинского формирования. Соответственно, происходит уменьшение основной эмблемы Вооруженных Сил как главной составной части воинских эмблем (гербов).

Попытка применения вышеупомянутой системы отражена на основной эмблеме Национального университета обороны Республики Казахстан.

Основная эмблема Вооруженных Сил отражена на флагах видов и родов войск, боевых знаменах, медалях и знаках, вооружении и т. д.

Боевое знамя воинской части является ее символом, а также символом доблести и славы, служит напоминанием каждому военнослужащему о героических традициях и священном долге по защите отечества. Оно всегда находится с воинской частью, а на поле боя – в районе боевых действий. Боевое знамя, поднятое на корабле, является боевым знаменем корабля, символизируя его государственную принадлежность.

Воинская символика является важным элементом патриотического воспитания. В корне данного процесса заложены исторические знания, отраженные в воинской геральдике. В ней скрыто особое историческое прошлое, события и времена, в которых жили наши предки.

Воинские символы формируют не только патриотизм, но и отношение к воинскому долгу. В частности, воинская символика применяется на различных торжественных мероприятиях, целью которых является укрепление боевого духа личного состава, что служит важным фактором в построении боеспособной армии.



# ПРОФЕССИЯ ЧЕТКИХ И СВОЕВРЕМЕННЫХ РЕШЕНИЙ

**Уверенное управление является залогом согласованных и успешных действий войск. От всесторонней оценки обстановки, а также своевременных и грамотных указаний зависит успех операции или боя. Свой профессиональный праздник специалисты командных пунктов и пунктов управления Вооруженных Сил отметят 15 июля.**



Выстроенная система командных пунктов позволяет осуществлять оперативное руководство и управление органов военного управления, воинскими частями в интересах обеспечения безопасности страны.

В 2019 году в Казахстане был сформирован Национальный центр управления обороной (НЦУО). Вслед за ним начали формироваться командные пункты родов войск. В особенностях устройства и работы командного пункта Сил Воздушной Обороны помог разобраться заместитель начальника Штаба Сил воздушной обороны по боевому управлению и начальник столичного командного пункта подполковник Руслан Рахметов.

Как пояснил подполковник, до реформы пункта управления как такового не было. Его команда функционировала в составе основного командного пункта и была лишь малым подразделением. Однако после модернизации их вывели в отдельную структуру.

Центральный командный пункт подчиняется непосредственно НЦУО и главнокомандующему Сил воздушной обороны, а в подчинении находятся уже командные пункты низшего порядка в частях и, фактически, руководят всей авиацией и контролируют все воздушное пространство.

- Мы контролируем все воздушное пространство и тесно взаимодействуем с другими командными пунктами. Активно принимаем участие в учениях и занимаемся перевозкой личного состава, техники, грузов. Не только СВО, но и Сухопутных войск, Военно-морских сил, спецназа. Оперативные пункты созваниваются и согласовывают с нами, - пояснил Руслан Рахметов.

Поскольку командные пункты часто являются жизненно-важным и связующим звеном в управлении войсками, то оперативность и слаженность действий является важнейшим элементом. Подполковник Рахметов отметил, что у работников пунктов управления проводятся регулярные тренировки.

Четыре раза в месяц по четвергам пункты управления имитируют различные ситуации – от единичного до массового нарушения воздушного пространства. Также моделируются ситуации угона или захвата воздушного судна. Отработка подобных ситуаций доводит до автоматизма всю работу авиации, чтобы в нужный момент не подвел никто. Участвуют все командные пункты – от низших звеньев до высших. И это не считая обычных войсковых учений, в которых они так же принимают участие.

Описывая командный пункт, подполковник Рахметов подчеркнул, что он оборудован по последнему слову техники. В частности, имеются все средства связи – закрытые и открытые, автоматизированные системы управления, дизельные генераторы на случай отключения электроэнергии. Поскольку пункт работает круглые сутки, и офицеры несут смену 24 часа, то помимо всего прочего он оборудован комнатами отдыха, местами приема пищи, медпунктами. Даже психолог есть.

- Одна наша смена это 24 часа. Но нагрузка распределена, есть время отдыха не более 4 часов. Где-то друг друга подменяем, но все находятся на своих постах полные сутки, - говорит он.

Вспоминая создание командных пунктов, подполковник Рахметов очень высоко оценил реформу. Проанализировав все конфликты прошлых лет и передовой опыт других стран, офицеры активно участвовали в создании документации и функционала пунктов управления. По его словам, реформа упростила и упорядочила систему боевого управления и утвердила вертикаль. До этого командующий, грубо говоря, работал без командного пункта.

Все офицеры командных пунктов управления имеют за плечами опыт летчиков и штурманов. Ведь чтобы понимать, как управлять войсками, важно пройти



все ступени с самого начала. По ходу данного пути офицеры постепенно открывают для себя тонкости профессии.

Сейчас в командном пункте подполковника служит 50 человек. Это не только офицеры боевого управления, но и штурманы, метеорологи и прочие авиаспециалисты. В мирное время они контролируют абсолютно все, даже гражданские полеты.

Контроль воздушного пространства налагает и дополнительные обязанности. Так, командный пункт подполковника Рахметова контролировал все воздушные полеты авиации во время тушения пожаров, а также собирал всю подробную информацию о них: от времени, проведенного в воздухе, до объема сброшенной воды. Как пояснил подполковник Рахметов, командные пункты так же собирают и фиксируют все параметры, анализируют и составляют рекомендации. Благодаря этим рекомендациям, авиация вносит различные корректировки и оптимизирует различные планы и операции.

Подполковник Рахметов высоко оценил идею создания командных пунктов и считает, что ее надо не только поддерживать в том же виде, но и развивать, используя передовой опыт других государств.

# «ПРОФЕССИЯ ВОЕННОГО ВРАЧА – ЭТО ПОДВИГ»

**В Военном госпитале города Тараз прошло торжественное мероприятие с приглашением ветерана медицинской службы.**

5 июля личный состав Военного госпиталя отметил День военной медицины. Выступая на торжественном митинге, временно исполняющий обязанности командира Военного госпиталя майор Жапбаров Азиз Мадиярбекович поздравил личный состав госпиталя, вручил грамоты. В этот значимый день поздравить коллег пришел и ветеран медицинской службы майор Валиев Дильшод Хусанович, за плечами которого 30 лет службы в рядах медицинских работников Вооруженных Сил.

В своем выступлении перед личным составом госпиталя Дильшод Хусанович, как старший наставник, как человек, стоявший у истоков развития военной медицины в Вооруженных Силах, процитировал слова







А.П.Чехова: "Профессия врача - это подвиг, она требует самоотвержения, чистоты души и чистоты помыслов", и добавил, что профессия военного врача - это подвиг вдвойне, эта профессия, в которой ты каждый день отдаешь часть своей души, не только как врач, но и прежде всего, как патриот своей страны.

- Личный состав Военного госпиталя получает высокую оценку со стороны Главного военного медицинского управления, на него возлагаются большие задачи в обеспечении медицинской поддержки как в повседневной жизнедеятельности войск РгК "Юг", так и в период проведения различных учений, - подытожил майор Жапбаров Азиз.

**Начальник кабинета психологической помощи Военного госпиталя г.Тараз**
**Старший лейтенант Бахтыкуль Ажиханова**

# НА СТРАЖЕ ЗДОРОВЬЯ

**Праздник военных врачей в нашей стране отмечается третий год, он определен приказом министра обороны РК «Об установлении профессиональных и памятных дней в Вооруженных Силах Республики Казахстан».**



В этом году исполнился 31 год со дня формирования Военно-медицинского управления Главного штаба Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Профессия военного врача в почете в среде военнослужащих. Для армии всегда требовались не просто всесторонне образованные специалисты, но и хорошие хирурги. Офицеры в белых халатах нередко вынуждены делать сложнейшие хирургические операции в полевых условиях.

Военврач не может повлиять на исход войны, но способен спасти многие жизни простых бойцов. Военные медики выносят раненых с поля боя, определяют степень тяжести травм, оказывают первую помощь, и очень часто это приходится делать под огнем противника. Ведь военно-полевая медицина основана на том, чтобы как можно быстрее оказать помощь бойцу – наложить жгут, обезболить и отправить в тыл.

В настоящее время военно-медицинские учреждения оснащены самым современным медицинским оборудованием. Для спасения и скорейшего возвращения солдата в строй требуется быстрая и правильная обработка ранения.

В Министерстве обороны вопросы оснащения военно-медицинских подразделений современной медицинской техникой, кадрового обеспечения и совершенствования




инфраструктуры всегда на контроле у руководства. Большое значение придается совершенствованию профессионализма военно-врачебного персонала, что положительно отражается на качестве медицинских услуг в гарнизонах.

Сегодня повсеместно чествуют военных медиков, выражая им глубокое уважение за высокий профессионализм, самоотверженность, внимание и заботу о пациентах.






ХАТ-ХАБАР

# ЗАПАСТАҒЫ ЛЕЙТЕНАНТТАРҒА АРНАЛДЫ

**Қарағанды қаласына қарасты медицина университетінің Фармация мектебінің студенттері білім ала жүріп әскери кафедраны сәтті аяқтаған. Түлектер салтанатты іс-шара барысында запастағы медицина қызметінің жас лейтенанттары атанып, оларға әскери шендерді тапсыру рәсімі өтті.**



Әскери кафедра басшысы, запастағы полковник Жиенбаев Бауржан Акимжанович Фармация мектебінің барша түлектерін бакалавр дәрежесін алуларымен құттықтап, Қорғаныс министрінің «Запастағы медицина қызметінің лейтенанты» әскери атағын беру туралы бұйрығын жариялап, әскери кафедраның 14 түлегіне әскери шен беріп, марапаттады. Запастағы офицер шендерін алу үшін студенттер екі жыл теориялық әскери дайындықтан, бір айлық әскери оқу-жаттығу жиындарынан өтіп, бітіру емтихандарын сәтті тапсырды. Салтанатты шараның ресми бөлігі дәстүрлі фотосессиямен аяқталды. Болашақта запастағы лейтенанттардың шендерін тапсыру университетті бітіргені туралы дипломды табыстаумен қатар тұрақты дәстүрге айналмақ. Офицерлік атақтың болуы түлектерге өз қалауы бойынша Қарулы Күштер қатарында келісімшартқа отыруға, сондай-ақ азаматтық кәсіпорындарға жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыруға үлкен мүмкіндіктер береді.

«Бүгін жас офицерлер өз достарының арасында тұрып өз шенін, дипломын алады. Мен осы сәтті пайдаланып барлық бітіршілерді құттықтаймын. Олар болашақта еліне қызмет ететін үлкен маманға айналады. Және осы оқу орнының ұстаздарына да үлкен алғысымды білдіремін. Жас түлектерге тек тілейтінім денсаулық, жақсылық. Қазақстан Республикасының қорғаныс күштеріне өз үлесін қоса берсін. Еліміздің қорғаныс күші нығая берсін. Болашақта Қарулы Күштерімізді басқаратын осы жас түлектер. Әскери кафедраның әр түлегін «Запастағы медицина қызметінің лейтенанты» әскери атағын алуларымен құттықтаймыз!», - деп атап өтті өз сөзінде әскери кафедра басшысы, запастағы полковник Бауыржан Жиенбаев.



# МЕРГЕНДІК АТЫС ШЕБЕРІ

**2023 жылғы оқу жылының жазғы кезеңінің маусым айының жауынгерлік даярлықтағы қорытындысы бойынша желбіреген көк туды көтеру мәртебесі «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлері 06708 әскери бөлімінің 1-ші реактивтік артиллериялық дивизионы 1-ші реактивтік артиллериялық батареясының қатардағы жауынгері Каримжан Илхамжановқа бұйырды. Аты аталған сарбаз - жауынгерлік даярлықтың үздігі. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына осы биылғы жылдың көктемгі әскерге шақыру науқанымен шақырылып, жақында ғана салтанатты түрде Отанға адал қызмет етуге әскери ант қабылдаған болатын.**



Қатардағы жауынгер К.Илхамжанов әскер қатарына Түркістан облысынан шақырылды. Сарбаз атыс қаруынан оқ ату жаттығуы дайындығын білім ошағында оқып жүрген кезінде алғашқы әскери және технологиялық дайындығы пәнінен оқып танысқаны болмаса, әскер қатарына шақырылғанға дейін атыс қаруын иығына тіреп, атуды іс жүзінде жүзеге асырып көрмеген еді. Көпшілікпен бірге сап түзеген сарбаз Каримжан жас сарбаздар жиынында шыңдалды. Берілген тапсырмаға мұқият болып, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын орындауға тырысып бақты. Салауатты өмір салты мен сарбаздардың спортпен шұғылдануын берік ұстанған жас сарбаз спорт және дене шынықтыру дайындығында жеке құрам арасында алда болды. Әскери ант қабылдау алдында ұйымдастырылып өткізілген жас сарбаздардың практикалық оқ ату дайындық сабағында атыс қаруынан бастапқы жаттығуды орындау кезінде де алдыңғы үздіктер қатарынан көрінді.

Жақында 06708 әскери бөлімінің 2023 жылғы маусым айының қорытындысы бойынша жауынгерлік даярлықтың атыс қаруынан оқ-ату жаттығуында 1-ші реактивтік артиллериялық дивизионының қатардағы жауынгері Каримжан Илхамжанов 97 ұпай жинап, жеке құрам арасында алға шықты.

Аз уақыттың ішінде мол тәжірибе жинақтаған мерзімдік қызмет әскери қызметшісі қатардағы жауынгер К.Илхамжановты сөзге тарқанымызда, өз ойын: «Мергендік атыс шеберлігін ұнатамын. Жас сарбаздар жиыны барысында алғаш рет атыс қаруынан нысаналарға оқ атып, өзімді нағыз жауынгер ретінде сезіндім. Әскерге келген күннен бастап офицерлер мен сержанттар бізді көп әскери дағдыларға бейімдеді. Өз басым, әсіресе атыс даярлық сабақтарында қаруды қолданудың әдіс-тәсілдері мен қыр-сырын жетік меңгердім. Әрине, жасырмаймын әлі де үйренерім көп....» - деп жеткізе білді.

Осы орайда, жеке құрамды басқару мен мерзімдік қызмет әскери қызметшілерді жауынгерлік даярлықта алда болуға дайындаудағы 06708 әскери бөлімінің 1-ші реактивті артиллериялық дивизионының басшылық құрамының атқарып келе жатқан қызметі орасан зор. Дивизион командирі подполковник Дәулен Сартбаев бастаған офицерлер мен сержанттық құрам жеке құрамның жауынгерлік даярлықтағы білімі мен біліктілігіне баса назар аударып келеді.

Жауынгерлік даярлықтың үздігі қатардағы жауынгер К.Илхамжанов сынды сарбаздары бар 1-ші реактивті артиллериялық дивизионының жеке құрамы әлі талай биіктерді бағындыра береді деген сенімдеміз!

**Лейтенант Думан Жұмашұлы**

# СЕРЖАНТТАР ҚҰРАМЫН МАРАПАТТАДЫ

**Шымкент гарнизонының әскери бөлімдері мен мекемелерінің сержанттары «Түркістан» залында құрметке бөленді. Жеке құрамды оқыту мен тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратын кіші командирлерге алғыс хаттар мен төсбелгілер табысталды.**



Салтанатты жағдайда Мемлекеттік ту көтеріліп, еліміздің Әнұраны шырқалды. Сержанттарды кәсіби мерекелерімен Шымкент гарнизонының бастығы подполковник Дастан Мұхамеджанов және «Қарулы Күштер ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері құттықтады.

Іс-шара барысында оқу-жауынгерлік міндеттерді сапалы орындағаны және қызметтегі жетістіктері үшін көзге түскен әскери қызметшілерге әскери атақтар беріліп, грамоталар табыс етілді. Ал Қарулы Күштердің ардагерлері әскери қызмет үздіктерін «Қазақстан патриоттары» медалімен марапаттады.

